

«Әлеуметтік педагог маманы жұмысының ерекшеліктері»



Скакова Р.А.п.ғ.к.
Арнайы және әлеуметтік
педагогика кафедрасы

➤ XIX ғасырдың екінші жартысында «неміс мұғалімдерінің әкесі» Адольф Дистерверг кәмелет жасына толмағандардың құқық бұзушылық болдырмау мақсатында қараусыз кеткен балалармен жүргізілетін педагогикалық іс- әрекетті көрсету үшін **«әлеуметтік педагогика»** сөз тіркесін ұсынған.



Әлеуметтік педагогиканың бастаулары халықтық педагогикада жатыр. Тұлғаны әлеуметтендіру идеялары ұлы ғұламалардың педагогикалық көзқарастарында қарастырылған. Атап айтқанда, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қ. А. Ясауи және т.б. ғұламалар еңбектерінде адам тәрбиесін жүзеге асыру оның әлеуметтік ортасын қалыптастырумен байланысты екендігі баса айтылған.



Әлеуметтік педагогика – педагогика ғылымының бір саласы ретінде, түрлі жастағы және түрлі әлеуметтік топтардағы адамдарға әлеуметтік тәрбие беру арқылы оларды әлеуметтендіруді көздейді.



Әлеуметтік педагогтың мақсаты:

Оқушылардың дамуын, тәрбиесін, білім алуын әлеуметтік тұрғыдан қорғау. Оқушының ұтымды әлеуметтенуіне әсер ететін баланың кіші ортасын ұйымдастыруға ықпал жасау. Әлеуметтенуге мұқтаж жандарды қоғамдық өмірге бейімдеу.



Әлеуметтік педагогтың міндеті:

- тұлғаның даралық дамуын гармониялы бірлікте қарастыра отырып, ғылыми әлеуметтендіруді қамтамасыз ету;
- тұлғаның дамуы мен әлеуметтену процесіне әсер етуші қарымқатынастарды педагогикалық тұрғыдан реттеу;
- тұлғаның қоғамға және әлеуметтену процесіндегі педагогикалық ғылымдардың көпжақты әсерінің мүмкіндіктерін зерттеу;
- әлеуметтік ортаның педагогикалық потенциалын арттыру мен оны пайдаланудың шарттарын және тәсілдерін зерттеу;
- тұлға ұғымының мәнін, оның даму, қалыптасу кезеңдерін түсіну;
- адамның әлеуметтік болмысының түрлі формаларының (адам, жекелік, тұлға, субъект) шекараларын ажырата алу;
- тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуының өзара байланыстылығына талдау жүргізу;
- әлеуметтік детерминант, әлеуметтік қалыптасу, тұлға қызметі мен дамуы ұғымдарының мәнін ашу.

Әлеуметтік педагогтың қызметі:

Әлеуметтік педагог қызметінің жұмыс ерекшелігі мен мамандану бағытына байланысты ол мынадай жүйені қамтиды:

– білім мекемелеріндегі әлеуметтік-педагогикалық қызмет (мектепке дейінгі, қосымша білім беру мекемелері, жалпы білім беру мекемелері, колледждер, лицейлер, мектеп-интернаттар, балабақшалар, орта арнаулы оқу орындары, жоғары оқу орындары);

– әлеуметтік қызметке мамандандырылған мекемелер (отбасылық балалар үйі, реабилитациялау орталықтары, әлеуметтік қамқорлыққа алу мекемелері, ақыл-ойы мен дене жағынан дамуында ауытқуы бар балаларға арналған арнайы мектептер, жұмыспен қамту орталықтары, еңбек биржалары және т.б.);

Социология ғылымы «ұрының баласы қашанда ұры, ал текті ата-анадан тек бейкүнә әрі тәртіпті бала туылады» деген **сыңаржақ тәмсілмен** келісе алмайды. Өйткені адам анасынан бірден мәдениетті болып туылмайды, тәрбиелеу, білім алу және қоғамда ғұмыр кешу процесінде ғана қалыптасады.

Әлеуметтік педагогикада ең алдымен «әлеуметтік орта» ұғымын анықтап алу қажет. Бұл біріншіден, кең ұғымдағы әлеуметтік болмыс, яғни, қоғам, мемлекет; екіншіден, баланың қалыптасуына тікелей әсер ететін өзіндік қоршаған ортасы.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік педагогика ғылымын зерттеу және нәтижелерін өмірде пайдалану қажеттілігі туып отыр. Әлеуметтік педагогиканы ғылыми тұрғыдан зерттеу шетелдерде, әсіресе, Ресейде дұрыс жолға қойылған.

Әлеуметтік педагогика мәселелері соңғы кезеңде Қазақстанда да қолға алынып, ғылыми ізденіс жұмыстары жүргізілуде және осы ғылым саласының нәтижелері жоғарғы оқу орындарында арнайы педагогикалық мамандықтарға базалық пән ретінде оқытылып, студенттерді осы бағыттағы біліммен қаруландыруда.

Соңғы жылдаы Қазақстанда балалар мен отбасылардың әлеуметтік денсаулығының, қиын жеткіншек жастағы балалардың әлеуметтік реабилитациясы проблемаларын шешу орталықтары құрылған. Сонымен қатар балалар мен жеткіншектерге психологиялық-педагогикалық кеңес орталықтарының, жоғары оқу орындарында «әлеуметтік педагог» мамандығының ашылуы әлеуметтік педагогика саласының дамып келе жатқандығын көрсете алады.



Әлеуметтік педагог кім?

Әлеуметтік педагог баланың әлеуметтік тәрбиесін ұйымдастырушы және әлеуметтену процессінің жоспарлы және мақсатты жағдай жасайтын маман.

Тәрбиелеуші

Бала - жанұя-
қоғам арасында
байланыстырушы

Делдал



Ұйымдастырушы

Қорғаушы

Рухани тәлімгер,
Әлеуметтік
терапевт

Қазіргі заман жастарының қоғамдағы жағдайын әлеуметтік депривациялық жағдай ретінде, яғни олардың өмір сүруі мен тұлғалық дамуына жағдайдың жеткіліксіз болуы, шектеулік, материалдық және рухани ресурстардың жеткіліксіз болуын айтуға болады. Күнделікті өмірде жастар ішімдікпен, нашақорлықпен, ассоциалдық мінез-құлықпен, қылмыспен кездесуде. Баланың жаны мен психикасына жағымсыз әсер ететін толық емес, кикілжіңді, қолайсыз, бейморалды отбасылар көбеюде. **Әлеуметтік педагог біріншіден, мүмкіндігінше проблеманың алдын-алуына тырысады, проблеманы тудыратын себептерді анықтай және уақытында оны жойып отыру, адам бойындағы олардың қарым-қатынасындағы әртүрлі ауытқушылардың алдын-алып, отыру, осы арқылы қоршаған әлеуметтік ортаны сауықтырып отырады.**

Бұл мамандық қана емес, сонымен қатар, бұл біз қол ұшын беретін, адами проблемаларын бірге шешетін, проблемаларды тиімді, дұрыс шешілу жолдарын табатын адамдар тағдыры.

Болашақта әлеуметтік педагог **мамандығы мұғалім мен медицина** қызметкерлері секілді бұқаралық сипатқа ие болады. Себебі қоғам үшін «әлеуметтік эпидемиямен» күрескеннен, «әлеуметтік аурулардың» алдын-алу әлдеқайда тиімді екендігі белгілі.



Әлеуметтік депривацияның тағы көрінісінің бірі ретінде еліміздегі жартылай жетім және жетім балалар санының көбейіп отырғандығын айтсақ болады. Бұл проблема барлық мемлекеттерде бар мәселе .

Әлеуметтік педагог-сырттан бақылаушы емес, ол балалар мен ересектердің бірлескен қызметінің тікелей қатысушысы, сонымен қатар – бұл қызметтің жетекші ұйымдастырушысы. Әлеуметтік педагогты рухани жетекші, тәлімгер десек те болады, себебі ол жылдар бойы баламен, оның отбасымен жұмыс жүргізеді, әлеуметтік, жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді.

Әлеуметтік педагог бірінші кезекте тұлға мен отбасын қорғауға арналған -мекемелер мен ұйымдар арасын байланыстырушы буын.



Әлеуметтік педагог өз жұмысында:Қ.Р Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Б.Ұ.Ұ «Бала құқығы туралы»Конвенциясын, Қ.Р «Бала құқығы туралы» Заңына, ҚР «Неке және Отбасы туралы»Заңын, ҚР «Даму мүмкіндігі шектеулі қолдау туралы»Заңын, «Әлеуметтік педагог» Ережесін және басқа да білім беру мәселесі жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді білуі тиіс.

Әлеуметтік педагог жұмысындағы жасөспірімдермен жұмысының өзіндік ерекшелігі бар. Біріншіден, ол жасөспірімдермен жұмыста, олардың іс-әрекет мәселелерін нақтылауда оқушының оқу және тәрбие жетістігі мәселесіне ден қояды, жасөспірімдердің өмірсүйгіштік, оптимистік, отансүйгіштік бағытта бола білу, әртүрлі сәтсіздіктерді алдын-ала білу қасиеттерін қалыптастыруға ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жүргізеді.



Қазіргі жағдайда әлеуметтік-педагогикалық теория мен тәжірибеге деген қажеттілік жойылған жоқ, керісінше қажеттілік күшейді, себебі бір жағынан қоғам мен жеке адамның өмірінде әлеуметтік факторлардың рөлі күшейді, екінші жағынан әлеуметтік көмекке зәру балалар мен ересектердің саны өсті, әсіресе әлеуметтік-педагогикалық көмек қажет адамдар өсті. Осының барлығы оқыту мен тәрбие беру саласында жұмыстың белсенуін талап етеді.



Назарларыңызға рахмет!

